

АКТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АДІЛЕТ МИНИСТЕРЛІГІ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ АДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ
РАБАЙ АУДАНАРАЛЫҚ АДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ДЫ ТҮЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖУРГІЗІЛДІ
697090000043
Бұлғашқы тіркелген күні 18.09.2010.



Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 5 қаңтардағы
№ А-1/2 қаулысымен
бекітілген



**«Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім
болімі Вознесенка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім болімі Вознесенка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (әрі – мемлекеттік мекеме) білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеменің үйымдық-құқықтық нысанында күрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес үйим болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына, Зандарына, Президент пен Үкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.

4. Ақмола облысының әкімдігі мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы болып табылады (бұдан әрі – Құрылтайшы).

5. «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім болімі» мемлекеттік мекемесі тиісті саланың уәкілетті органы (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім болімі Вознесенка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 020501 индексі, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Вознесенка ауылы, Комсомольская көшесі, 24.

2. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтанбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған бланкілері мен мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Мемлекеттік мекеме басқа занды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаржатымен субсидиарлық жауапкершілікке ие болады.

11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, өз күшіне енеді.

3. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыру үшін білім алушыларды жеңе адамның, қоғамның, мемлекеттің мұддесі үшін оқыту және тәрбиелеу болып табылады

13. Мақсатқа қол жеткізу үшін мемлекеттік мекеме мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) құзыретті тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған үлгілік оку бағдарламаларын менгеру арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;

2) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген ғылыминың базалық негіздерін менгеруді қамтамасыз ету;

3) жеңе адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

4) өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген азаматтық сүйіспеншілікке, патриотизмге баулу, мемлекеттік рәміздері мен мемлекеттік тілді құрметтеуді, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге тәзбеушілікті тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеңе адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеңе адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы қөзқарасын қалыптастыру;

6) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, салт-дәстүрлерін зерделеу;

7) ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеңе мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

8) білім алушылардың кәсіби уәждемесін қамтамасыз ету;

9) педагогдердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

10) білім беру саласында мемлекеттік қызмет көрсету.

14. Мемлекеттік мекемеде жанында толық құн болуымен мектепке дейінгі «Бота» шағын орталығы жұмыс істейді, ол келесі міндеттерді жүзеге асырады:

1) мектепке дейінгі жастагы балалардың өмірін және денсаулығын қорғау;

2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

3) мектепке дейінгі сапалы дайындықты қамтамасыз ету;

4) тәрбиеленушінің жан-жақты дамыуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара әрекеттесу;

5) ата-аналарга тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулықты сақтау мәселелері бойынша консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

15. Мемлекеттік мекеме білім беру процесін «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына, «Жалпы білім беру үйімдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес жүзеге асырады.

16. Мемлекеттік мекеме үлгілік оқу жоспарларын, оның ішінде оқу процесін жүзеге асыратын қысқартылған оқу жүктемесі бар оқу жоспарларын дербес таңдайды.

17. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен машиқтарын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен менгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, коммуникативтік дағдылардың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

18. Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылымдар жүйесінің базалық негіздерін менгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталған.

Үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың бейіналды даярлығын қамтиды.

19. Мемлекеттік мекемеде оқу және тәрбие процесі үлгілік оқу бағдарламаларына және жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Мемлекеттік мекемедегі оқу процесі үлгілік оқу жоспары негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабактар кестесімен регламенттеледі.

21. Мемлекеттік мекеме үлгілік оқу жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттерінің сағаттарын мектептен тыс (мәдениет

мекемелерінде, спорт гимараттарында, әскери объектілерде, зерттеу зертханаларында, өнеркәсіптік кәсіпорындарда, табигатта) өткізеді.

22. Білім алушылардың оку жүктемесі, сабак режимі МЖМБС, санитариялық қағидалары, денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде әзірленген үлгілік оку жоспарлары білім беру ұйымы бекіткен ережелермен айқындалады.

23. Мемлекеттік мекемедегі сабак кестесін оның басшысы не оны алмастыратын адам бекітеді.

24. Мемлекеттік мекемеде балалар мен жасөспірімдерді медициналық қамтамасыз ету «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылады

25. Бастауыш, негізгі орта жалпы орта білім берудің үлгілік оку бағдарламаларын білім алушылардың игеруін бақылау мақсатында, мемлекеттік мекеме «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізуіндің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес, білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

26. Мемлекеттік мекеме ұлттық білім беру деректер базасында деректер өзектілігін және білім саласындағы құзіретті органда ақпараттар жүйелердің автоматтандарылған ақпаратпен алмасуды қамтамасыз етеді.

27. Балаларды мемлекеттік мекемеге қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына окуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленеді.

Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындастырын занға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады

28. Бастауыш, негізгі орта, орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік мекемеден басқа мемлекеттік мекемеге ауыстыру растайтын құжаттар негізінде мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

29. Мемлекеттік мекемедегі тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Тілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

30. Мемлекеттік мекеменің міндетті мектеп формасы оқытудың зайырлы сипатына және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қанчарындағы № 26 бұйрығымен талаптарға сәйкес болуы тиіст.

31. Оку процесі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың 25 мамырына дейін жүзеге асырылады. Оку жылы ішінде каникулдар белгіленеді.

Бастауыш білімнің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бірінші сыныбына қабылданатын

балалардың ата – аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 сөүірінен бастап 1 тамызына дейін жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымы бірінші сыныпқа қабылдау туралы бұйрықты ағымдағы жылғы 25 тамыздан кейін шығарады.

32. Білім алушылардың саны мемлекеттік мекеменің жобалық сыйымдылығынан аспауы тиіс. Қашықтан оқыту нысаны бойынша білім алушылардың саны жалпы оқушылар санына кірмейді.

33. Сыныптардың толымдылығы 25 оқушыдан артық болмауы тиіс.

Шектеу іс-шараларын орындау барысында, мемлекеттік органдардың төтенше жағдайларды енгізу аясында, соның ішінде белгілі аумақта төтенше ахуал туындаған кезде, карантин енгізген кезде, сыныпта 15 білім алушыларға дейін сыннып – жинақталымдарын қалыптастыра алады.

34. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны, шағын орталықтағы оку жүктемесінің ең көп көлемі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндettі стандарттарымен белгіленеді.

35. Мемлекеттік мекемеде алқалық басқару нысандары (педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер және педагогтік әдеп жөніндегі кеңес) құрылады.

36. Он алты жасқа дейінгі балаларды мемлекеттік мекемеден шығаруға құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін уәкілетті органның шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қамқоршы және қорғаншы органдардың келісімімен қабылданады.

Пробация қызметінің есебінде тұрган кәмелетке толмағандарды мемлекеттік мекемеден шығару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен қабылданады.

Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі шағын орталықтан шығару келесі жағдайларда жүргізіледі:

1) мемлекеттік мекеме мен тәрбиеленушінің ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі арасындағы шарттың талаптарын бұзған жағдайда;

2) тәрбиеленуші дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертусіз бір айдан астам уақыт аралығында келмеген жағдайда;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы айғақтардың болған жағдайда.

37. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер құқығы:

1) мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) оку жоспарларына сәйкес балама курстарды таңдауга;

3) білім беру ұйымдарында мүгедектерге, мүмкіндіктері шектеулі балаларға арнағы дайындалған оқулықтарды, оку – әдістемелік кешендерді

және оку – әдістемелік құралдарды, ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оку әдістемелік кешендерімен және оку – әдістемелік құралдарымен қамтамасыз етуге;

4) спорт, оку, салтанат залдарын, компьютерлік сыйныптар мен кітапхананы тегін пайдалануға;

5) өзінің пікірін және сенімін еркін білдіруге;

6) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

7) оқудагы, гылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін мадақтауға.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілер міндепті:

1) мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдыларды және құзыреттерді менгеру, ішкі тәртіп қағидаларында, білім беру үйімінде жарғысында көзделген талаптарды сақтауға;

2) өз деңсаулығын күтүге, рухани және дене бітімін жетілдіруге ұмтылуға;

3) білім беру саласындағы уәкіледті орган белгілелеген міндепті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға;

4) өздері білім алатын оку орнының дәстүрлерін, педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндепті;

38. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де занды өкілдерінің:

1) баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру үйімін таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру үйімдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) білім беру үйімдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оку жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

4) өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға;

5) балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алудына құқығы бар.

Ата-аналар мен өзге де занды өкілдер:

1) балалардың өмірі мен окуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық түрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) білім беру үйімінде жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

3) балалардың оку орнындағы сабактарға қатысуын қамтамасыз етуге;

4) білім беру үйімдары қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

5) білім беру саласындағы уәкіледті орган белгілелеген міндепті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;

6) білім беру үйімінде белгіленген киім формасын сақтауға міндепті.

39. Педагог қызметкердің құқықтары мен міндептері.

Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде педагог құқылы:

- 1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау шартымен кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін тандауга;
- 2) лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қоргалуға;
- 3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінезд- құлық көрсетілуене;
- 4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;
- 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуға;
- 6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;
- 7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оку құралдарын, материалдарын мен өзге де құралдарын тандауга;
- 8) білім беру бағдарламаларын, оку жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ окулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оку құралдарын әзірлеуге қатысуға;
- 9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;
- 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;
- 11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
- 12) бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;
- 13) ұздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын тандауга;
- 14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке;
- 16) кәсіби қызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;
- 17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінгे қалдыруға;
- 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын қолдау және арттыру үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өттүге;

19) өзіне қатысты қабылданатын ұйым басшысының актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жогары тұрган лауазымды адамдарға немесе сotka шагым жасауға;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетін құрмет көрсетілуіне құқығы;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға.

Педагог міндетті:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді менгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сактауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растаяуға);

4) педагогтік әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жогары имандылық, патриоттық, коршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру ұйымының басшылығына өмірлік қызын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмагандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, наслідік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, наслідік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшілдігін насиҳаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени

дәстүрлөрі туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайши келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануга құқылы емес.

Міндеттерін бұзғаны және педагог атағына нұқсан келтіретін теріс қылық жасағаны үшін педагог Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жаупкершілікке тартылады.

40. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 63 бабына сәйкес қызметтерді ұсынуға құқылы.

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мүлікті жалдауға (жалға) беруден алынған кірістерді өзі дербес пайдаланады.

41. Мемлекеттік мекемеде оқыту үлгі нысаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қантардағы № 93 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсету шартының негізінде жүзеге асырылады.

42. Мемлекеттік мекеменің осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жок.

43. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының зандарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайши не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі: тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органның талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4.Мемлекеттік мекемені басқару

44. Мемлекеттік мекемеге жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

45. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітеді;

2) мемлекеттік мекеменің жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта құру және тарату туралы шешім қабылдайды;

4) мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады.

46. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспарын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеме мүлігінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қалыптасу тәртібін және өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін айқындайды;

4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны атқаратын лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен штат санын бекітеді;

6) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

7) мемлекеттік мүлік жөнінде уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде ол сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта болуге келісім береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

47. Мемлекеттік мекеме басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, тиісті саланың уәкілетті органы қызметке тагайындейды және қызметтөн босатады.

48. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және басқарады, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы және оның функцияларын жүзеге асыруына дербес жауап болады.

49. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаттарына әрекет етеді Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін дербес шешеді.

50. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекеменің жарғылық қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттерін бұзы болып табылады және тәртіптік және материалдық жауаптылықты қолдануға әкеп соғады.

51. Мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыру кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеменің басшысы:

1) мемлекеттік мекеменің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;

3) шарт жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлерді біліктілігін арттырудың өзге де түрлері бойынша тәртібі мен жоспарын бекітеді;

6) банктік шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) тиісті саланың уәкілетті органы тагайындастын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және қызметтөн босатады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелес шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын белгілейді;

11) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс- кимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауап береді;

12) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына бақылауды жүзеге асырады және ол үшін Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жауаптылықта болады;

13) өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

52. Мемлекеттік мекеме мүлкін құны оның тенгерімінде айқындалатын занды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің меншігі:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүліктен (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3). Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

53. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шыгаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

54. Егер Қазақстан Республикасының зандарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсітін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

55. Егер қаржыландырудың қосымша көзі Қазақстан Республикасының зандарымен белгіленбесе, мемлекеттік мекеме қызметі бюджеттен қаржыландырылады.

56. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және қайта қарау Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіpte тиісті саланың уәкілетті органымен жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі

57. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

**7. Құрылтай құжаттарына озгерістер
мен толықтырулар енгізу тәртібі**

58. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына озгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

59. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

**8. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері
туралы мәліметтер**

60. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдері жоқ.

9. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары


61. Мемлекеттік мекемені қайта құру және тарату, Құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

62. Мемлекеттік заңды тұлға заң актілерінде көзделген өзге де себептер бойынша да таратылады.

63. Таратылатын мемлекеттік заңды тұлғаның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік Құрылтайшы тараپымен қайта бөлінеді.

64. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

Басшы



Т.А.Ә.
қолы